

Бірақ бұл талаптарды орындау үшін адамдардың шыдамы таусылуы мүмкін. Сондықтан қақтығыстар қаупі артады.

Т.Г.Богданова, Р.М.Боскис, В.С.Скобкин және т.б. есту қабілеті бұзылған жасөспірім балалардың қақтығыс кезіндегі мінез-құлқын зерттеді. Олар бұл бұзушылықпен кез келген қақтығыстар алаңдаушылық тудыратынын көрсетті. Көбінесе есту қабілеті бұзылған бала дау-дамайдың ортасында жүргенін байқаса, онда ол есту қабілеті бұзылмаған балаға қарағанда көбірек зардап шегеді. Бірінші - бұл өзін-өзі шешеді деген үмітпен өткір жағдайдан құтылу. Бірақ егер қақтығыс субъектісі немесе оған қатысатын адамдар маңызды болса, онда мінез-құлықтың екі стилі пайда болады. Бірі – жалтару (біржақты концессия), екіншісі – ымыраға келу (өзара концессия). Мұнда концессия көбінесе дауды шешуден гөрі серіктестер арасындағы жақсы қарым-қатынасты сақтауға бағытталған.

Осылайша, есту қабілеті бұзылған жасөспірімдердегі қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері мен бірқатар қиындықтары бар. Олар баланың жеке басының дамуына әсерін тигізуі мүмкін, сондықтан адамдармен қарым-қатынастағы қиындықтардың себептерін анықтап, түзету жұмыстарын дер кезінде бастау керек. Дау-дамай мінез-құлқы есту қабілетінің жоғалуы кезінде өзін-өзі қабылдау және қарым-қатынас шектеулеріне байланысты ерекшеліктерге ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Соловьев, И. М. Психология глухих детей [Текст] / И. М. Соловьев, Ж. И. Шиф. – М. : Педагогика, 1971. – 448 с.
2. Богданова, Т. Г. Сурдопсихология [Текст] : учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Т. Г. Богданова. – М. : Академия, 2002. – 106 с
3. Вийтар, Э. А. Исследование межличностных отношений и интерперсональной перцепции слабослышащих школьников [Текст] / Э. А Вийтар // Дефектология. – 1981. – № 4. – С. 30-34.
4. Скобкин, В. С. Подросток с дефектом слуха: ценностные ориентации, жизненные планы, социальные связи [Текст] / В. С. Скобкин. – М. : ЦСО РАО, 1997. – 94 с.
5. Хлыстова, Е. В. Взаимосвязь стиля семейного воспитания и проявления тревожности у детей подросткового возраста с нарушением слуха [Текст] / Е. В. Хлыстова, В. М. Волкова // Специальное образование. – 2013. – № 1. – С. 33-39.
6. Выготский, Л. С. Собрание сочинений [Текст] : в 6-ти т. / Л. С. Выготский ; под ред. Т. А. Власовой. – М. : Педагогика, 1983 Т. 5 : Основы дефектологии. – 1983. – 386 с.
7. Кендалл, Ф. Психотерапия детей и подростков [Текст] / Ф. Кендалл. – СПб. : Питер, 2002. – 67 с.
8. Мухина, В. С. Детская психология [Текст] / В. С. Мухина. – М. : Апрель-Пресс, 1999. – 352 с.

ӘОЖ 376

<https://doi.org/10.53355/p1068-8672-1434-t>

ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ

Ильяс Е.И., 4 курс студенті

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: azanbekova.gulnaz@mail.ru

Мақалада зерде бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілі, олардың дыбыс айтуы, тілінің кеш шығу ерекшелігі сипатталған. Сөйлеудің барлық компоненттерінде, яғни, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық бұзылыстары, танымдық қабілетінің кеш қалыптасуы бұл тілдің семантикалық және грамматикалық құрылымдарын меңгеруде айтарлықтай қиындықтар тудызатыны баяндалған.

Тірек сөздер: дыбыс айту, таным қабілеті, тілдің семантикалық және грамматикалық құрылымдары.

В статье рассматриваются особенности развития речи и звукопроизношения детей с нарушениями интеллекта. Установлено, что позднее формирование познавательной деятельности, также нарушения всех компонентов фонетического, лексического, грамматического строя речи вызывает значительные трудности в усвоении семантических и грамматических структур этого языка.

Ключевые слова: звукопроизношение, познавательная деятельность, семантические и грамматические структуры языка.

The article discusses the features of speech development and sound reproduction of children with intellectual disabilities. It is established that the late formation of cognitive activity, as well as violations of all components of the phonetic, lexical, grammatical structure of speech causes significant difficulties in mastering the semantic and grammatical structures of this language.

Key words: sound pronunciation, cognitive activity, semantic and grammatical structures of the language.

Мемлекеттің әрбіз азаматы құнды, олардың өзіндік көзқарасы мен салмақты орыны бар. Бүгінгі күннің бүлдіршіндері – болашақтың іргесін құрайтын азаматтар екенін ескерсек, барлығына бірдей білім беру біздің басты мақсатымыз болып табылады. Әрине, өмірде кейде мүмкіндігі шектеліп, қандай да бір ауру белгілерімен дүниеге келетін сәбилер де жоқ емес. Алайда, олардың ешбір кінәсі жоқ. Керісінше, өмірге деген күштарлықтары, білімге деген құлшыныстары жоғары балатын ерекше жандарды, одан әрі дамытуға барынша жағдай жасау қажет.

Жанұда зерде бұзылысы бар баланың дүниеге келуі, ең алдымен ата-аналар тарапын толғандыратыны анық. Олардың өмірге деген көзқарастары өзгеріп, өзгелерге деген қарым-қатынасы да ерекше бола бастайды. «Бала-бауыр етім» деген қазақ, қандай жағдай болмасын, өзінің бүлдіршінінің сауығып, қатарынан қалмай, толыққанды білім алғанын қалайды. Әрине, мемлекетімізде барлық азаматтың құқығы тең екенін ескерсек, бұл орайда, сапалы білім, саналы тәрбие беру барысы да қашан да назардан тыс қалмақ емес.

Жалпы, зерде бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілінде ерекшелігі бірден байқалады. Олар дыбысты анық айтпай, тіпті көбісінің тілі кеш шығуы мүмкін. Сөйлеудің барлық компоненттерінде, яғни, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық бұзушылықтар жиі орын алып, өз ойын жеткізу барысында тұтығып қалу қауіпі де бар. Танымдық қабілеті кеш қалыптасатын болғандықтан, сөйлеу тілі кеш қалыптасып, бұл тілдің семантикалық және грамматикалық құрылымдарын меңгеруге айтарлықтай қиындықтар туғызады. Егер денсаулығы дұрыс, өз жасына дұрыс дамып келе жатқан балалар 4-8 айында дыбыстар шығарып, алғашқы сөзді 10-18 айларында айта бастаса, зерде бұзылысы бар балаларда былдыр бір жастан немесе екі жастан асқанда бірақ пайда болуы мүмкін. Олар алғашқы сөздерін кейде тек үш жастан асқанда айта бастайды. Әрине, әр ата-ана өзінің баласының даму деңгейінің тікелей бақылаушысы. Егер қандай да бір кедергіні байқаған болса, дереу дабыл қағып, тиісті көмек беруге асығу қажет.

Балалар құқығы туралы Декларацияда: «Барлық балалар нәсіліне, ақ- қаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да түсінігіне, туған жері мен жағдайына қарамастан, төмендегі аты аталған мүмкіншіліктердің бәріне құқылы. Ерекше қамқорлықпен қорғалуға, сондай-ақ жақсы тамақ ішуге, баспана және медициналық қызметпен қамтамасыз етілуге, тәрбиелеуге, рухани және физикалық жағынан дамуға, денсаулығы әлсіз болса, емделуге, сырттан шектеу болса ерекше қамқорлыққа, ата-анасының және да басқа адамдардың сүйіспеншілігі мен түсінігіне, егер ағайын- туыстары жәрдемдесе алмаса, онда үкіметтің қарамағында қамқорлықта болуға құқылы...» делінеді.

Жыл артқан сайын мүмкіндігі шектеулі, зердесі бұзылған балаларға деген қоғамның көзқарасы айтарлықтай өзгеріп келеді. Оларға мүтедек ретінде қарамай, керісінше өзіндік пікірі бар, салмақты ойы, тағдырына батыл қарайтын адам ретінде бағалауда. Сонымен қатар, зерде бұзылысы бар балаларға білім беру барысы да бір жолға қойылып, барынша тиімді бағдарламаларды пайдалану іске асырылып келеді.

Әрине, осы орайда білікті мамандардың еңбегі айтарлықтай зор. Ақыл-ойы кеш дамыған, соған сәйкес сөйлеуі де, жазуы да қиындық тудыратын балалармен жұмыс жасау оңай емес. Олардың жазбаша сөйлеу тілін дамыту барысында орасан зор еңбек ету керек.

Баланың ерекше білім алуға қажеттілігін бағалау барысында мамандар дәрігерлердің қойған нақты диагнозын басшылыққа алып, оның одан әрі дамуын жүзеге асырады:

1. Білім алушының медициналық көрсетілімі;
2. Оқу-тәрбие кешенін әзірлеу, соған сәйкес балаға даралап оқыту әдістемесін басшылыққа алу
3. Ата-аналармен тығыз байланыс, яғни баланың әлеуметтік жағдайын есепке алу;
4. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық көмек көрсету.

Әрине, сөйлеу барысында қиындық көретін балалар, жазу жағына келгенде де, қатты қиналатыны жасырын емес. Себебі, олар сөздерді игеруге қаншама күш жұмсаса, оны қағаз бетіне түсіру барысы да оңай болмайтыны анық. Дыбыстарды дұрыс жеткізе алмайтындықтан, оны шартты түрде белгілеу барысы да көп қателіктерге жол береді.

Осы орайда, ең алдымен баланың даму деңгейі мен қызығушылығын басшылыққа ала отыра, сурет, белгі, қызықты ақпарат арқылы жазу дағдысын қалыптастыруға болады. Оны бірнеше рет қайталай отыра, әр әріптің жекелей, дұрыс жазылуын басшылыққа алу керек. Бұл орайда, ақпараттық технологияны қолдану да артық етпейді. Интерактивті тақта немесе компьютер көмегімен жазуды экран бетіне шығарып, оның талапқа сай жазылуын түсіндіріп, көзбен көру арқылы, есте сақтау қабілеттерін арттыруға болады. Әрине, көбіне ауызша айтылған мәтінге қарағанда, оны көзбен көру, көптеген оң нәтижеге әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, ойын түрінде, жазбаша диктант әзірлеген де артық етпейді. Әрине, зерде бұзылысы бар балалар дені сау бүлдіршіндерден біраз өзгеше болғандықтан, оларға барынша көмектесіп, таратпа қағазы ретінде, сөйлемдер жазылған сөздерді беріп, арасында кейбір әріптердің орынын бос қалдыру қажет. Көп нүкте қойылған бос орынға тиісті әріптерді қою арқылы, тұтас сөздің дұрыс жазылуына дағдыландыра аламыз.

Оған қоса, тақта әдісі де қашан да дәстүрлі сабақтың жақсы нәтижесі екені белгілі. Өзіне жүктелген міндетті толық орындау барысында, тақтаға шыққан бала, сөздің жазбаша мәтініне назар аударып, қандай да бір олқылық орын алса, оны алдағы уақытта қайталамауға жол беруге дағдыланатыны анық.

Жазбаша тіл ауызшаға қарағанда екінші орында болады және ауызша тілдің негізінде құрастырылады, сол себепті жазбаша тілді меңгеру деңгейі сөйлеу тілінің даму деңгейімен анықталады.

Осы орайда арнайы мамандардың көмегімен сөйлеудің күрделі бұзуларын жеңуге, сонымен қатар, оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қалыптастырып, сөздерді айтудағы, жазудағы кемістіктерін жоюға жұмыстар жүйелі жасалуы тиіс. Ол арнайы дәрістер негізінде жасалып, ерекше балалармен жекелей тапсырмалар орындауға ықпал етеді. Оның аясында жазу, оқу, дауыс, сөйлеу жылдамдығы мен ырғағын түзету басшылыққа алынады.

Әр бала бөлек бір әлем. Олардың әрқайсысы өмірге шаттана қарап, қалауы бойынша білім алуға құқылы. Кейде, ерекше балаларда, өзгелерде болмайтын, ерекше талант бар екенін байқай аламыз. Зерде бұзылысы бар бүлдіршіндердің барынша сапалы білім алуына жағдай жасап, олардың өз-өздеріне деген сенімділіктерін ешқашан жоғалтпауына септігімізді тигізгеніміз абзал. Әр бала бақытты болуға лайық!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қ. Қ. Өмірбекова, Г. С. Оразаева, Г. Н. Төлебиева, Г. Б. Ибатова Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық (Қ. Қ. Өмірбекованың редакциясымен) – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 495 бет.
2. Ефименкова, Л. Н. Коррекция ошибок, обусловленных несформированностью фонематического восприятия.: методическое пособие по коррекции письменной речи [Текст] / Л. Н. Ефименкова – М.: Книголюб, 2006. – 144с.
3. Яструбинская, Е.А.Профилактика и коррекция дисграфии и дислексии у детей младшего школьного возраста /[Текст] / Логопедия, 2004.- №2(4).- 60-70с.

ӘОЖ 378.24

<https://doi.org/10.53355/v0895-9883-7995-o>

БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫ

Калиева Ж.Т., Досымбекова Н.С.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: nurai_gali@mail.ru

Мақалада білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы қарастырылады. Авторлар білім беру үрдісіндегі ата-аналармен нәтижелі диалогты ұйымдастыра білу, оларды қатысуға және ынтымақтастыққа, баланың білім беру шарттарын бірлесіп талқылауға тарту мәселесін және кездесетін қиындықтарды талдайды.

Тірек сөздер: бірлескен іс-әрекет, ерекше білім беру қажеттілігі бар бала, мектеп, ата-ана, ынтымақтастық.

В статье рассматривается совместная работа школы и семьи по обучению и воспитанию детей с особыми образовательными потребностями. Авторы анализируют проблемы и возникающие трудности, связанные с умением организовать продуктивный диалог с родителями в образовательном процессе, вовлечь их в участие и сотрудничество, в совместное обсуждение условий воспитания ребенка.

Ключевые слова: совместная деятельность, ребенок с особыми образовательными потребностями, школа, родители, сотрудничество.

The article discusses the joint work of the school and the family on the education and upbringing of children with special educational needs. The authors analyze the problems and emerging difficulties associated with the ability to organize a productive dialogue with parents in the educational process, to involve them in participation and cooperation, in a joint discussion of the conditions of raising a child.

Key words: joint activities, a child with special educational needs, school, parents, cooperation.

Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың сәттілігі көбінесе олардың басталу уақытымен анықталады: бала қандай да бір сенсорлық, физикалық, интеллектуалдық немесе психикалық бұзылыстарды неғұрлым ертерек анықтаса, мамандар мен ата-аналардың бала мен оның айналасындағы микросоциум арасындағы кедергілерді жеңудегі күш-жігері соғұрлым нәтижелі болады. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар балаларды интеграцияланған оқыту идеясын іске асыру ерте және уақтылы диагностикаға байланысты.